

Қазақстан Республикасының Атом қуаты жөніндегі агенттігі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 22 қыркүйектегі N 786 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 шілдедегі № 926 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 шілдедегі № 926 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы және Атом қуаты жөніндегі агенттігі туралы" 1992 жылғы 15 мамырдағы N 779 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Атом қуаты жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының халық шаруашылығы салаларында атом қуатын пайдалану саласын мемлекеттік басқару органы ретінде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанында жұмыс істейтін және оған жүктелген міндеттер шегінде олардың ведомстволық бағыныштылығы мен меншік нысанына қарамастан республиканың экономикалық қатынастарындағы барлық министрліктер, ведомстволар, кәсіпорындар мен ұйымдар және басқа субъектілер үшін міндетті шешімдер қабылдайтын болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Атом қуаты жөніндегі агенттігіне: колданылып жүрген халықаралық нормаларды ескере отырып, Қазақстан Республикасының халық шаруашылығы салаларында атом қуатын пайдаланудың мемлекеттік саясатын жүзеге асыру;

жобаларды мемлекеттік сараптау, оларды атом қуаты, ядролық технология, радиоактивтік қалдықтарды қолданудың технологиясы салаларында іске асыру жөніндегі бағдарламалар мен шараларды үйлестіру;

Қазақстан Республикасының атомдық-өнеркәсіптік кешені кәсіпорындарында жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін қадағалау;

Қазақстан Республикасының аумағындағы атомдық-өнеркәсіптік кешені объектілерін лицензиялау;

ядролық материалдардың және ядролық технологиялардың экспорты мен импортына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

республиканың мүдделі министрліктерімен, ведомстволарымен бірлесіп атом қуаты мен ядролық технология саласындағы мемлекетаралық және халықаралық ғылыми-техникалық, экономикалық және хұқықтық ынтымақтастықты жүзеге

а с ы р у ;

атом қуаты мен ядролық технология саласындағы Қазақстан Республикасы кәсіпорындары мен ұйымдарының тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті хұқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайлар туғызу жөнінде ұсыныстар әзірлеу жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасы Атом қуаты жөніндегі агенттігі құрамында Агенттіктің Бас директорының бірінші орынбасары басқаратын Қазақстан Республикасының атомдық-өнеркәсіптік кешенінің кәсіпорындарындағы жұмыстың қауіпсіз жүргізілуін және радиоактивтік қалдықтардың тасымалдануын қадағалау жөніндегі Бас басқарма, сондай-ақ Агенттіктің Бас директоры басқаратын Ғылыми-техникалық кеңес құрылсын.

4. Қазақстан Республикасы Атом қуаты жөніндегі агенттігінің орталық аппараты қызметкерлерінің шекті саны 35 адам (ғимаратты күзету және қызмет көрсету қызметкерлерінсіз) болып белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Атом қуаты жөніндегі агенттігінің қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында жалақыны өсіру мен реттеу туралы" 1992 жылғы 25 сәуірдегі N 730 Жарлығын іске асыру туралы" 1992 жылғы 20 мамырдағы N 448 қаулысында көзделген еңбекке ақы төлеудің шарттары қолданылсын (N 2 таблица).

6. Қазақстан Республикасының Атом қуаты жөніндегі агенттігінің Бас директорына агенттіктің құрылымы мен штат кестесін бекіту хұқы берілсін.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Атом қуаты жөніндегі агенттігінің аппаратын ұстау үшін қажетті қаржы қарастырсын.

8. Қазақстан Республикасының Атом қуаты жөніндегі агенттігінде Бас директордың 3 орынбасары, соның ішінде бір бірінші орынбасары және құрамы 7 адамнан алқа болуға рұқсат етілсін.

9. Қазақстан Республикасының Атом қуаты жөніндегі агенттігі Бас директорының лауазымы медицина, тұрмыс жағынан қамтамасыз ету мен көлік қызметін көрсету жағынан республика министрінің лауазымына, ал Бас директоры орынбасарларының лауазымдары республика министрлері орынбасарларының лауазымдарына теңестірілсін.

10. Қазақстан Республикасының Атом қуаты жөніндегі агенттігіне қызмет бабындағы 4 жеңіл автомобильдің лимиті белгіленсін.

11. Қазақстан Республикасының Ғылыми және жаңа технологиялар министрлігі, Энергетика және отын ресурстары министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Экология және биоресурстар министрлігі, Ғылым академиясы, Атом қуаты жөніндегі агенттігі, Атом қуаты мен өнеркәсібі кәсіпорындарының Қазақ

мемлекеттік корпорациясы, Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы 2 ай мерзім ішінде атом қуатын, ядролық технологиялар мен ядролық-физикалық әдістерді зерттеулер жүргізу мен пайдалануды ұйымдастыру саласындағы қызметтің міндеттері мен ауқымын шектеу жөніндегі шараларды белгілеп, жүзеге асырсын. Республика Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдеріне өзгерістер енгізуді талап ететін мәселелер жөнінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне тиісті ұсыныстар енгізсін.

12. Қазақстан Республикасының Атом қуаты жөніндегі агенттігі республикасының мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен келісуі бойынша Агенттік туралы ереженің жобасын және Қазақстан Республикасының Атом қуаты жөніндегі Халықаралық Агенттікке (МАГАТЭ) кіруі жөнінде 3 ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныстар т ү с і р с і н .

13. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Алматы қаласының әкімімен бірге Қазақстан Республикасының Атом қуаты жөніндегі агенттігінің орталық аппаратын орналастыру жөніндегі ұсынысты қарап, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне бір ай мерзім ішінде түсіретін болсын.

14. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі тікелей шарттар бойынша Қазақстан Республикасының Атом қуаты жөніндегі агенттігін қажетті телефон, телеграф және телефакс байланысымен қамтамасыз етсін.

15. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Мемэкономкомы,

Материалдық ресурстар министрлігі Қазақстан Республикасының Атом қуаты жөніндегі агенттігіне жиһаз, жабдықтар, мүкәммал, кеңсе тауарлары мен қағаз сатып алуға қажетті қаржыны 1992 жылға іздестіріп және одан былай бөліп отыруды көздесін.

16. Республикалық валюта комитетіне Қазақстан Республикасының Атом қуаты жөніндегі агенттігінің құзырына жататын мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға арналған қажетті валюта қаржысын қарастыру ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК